

Молдахметова Алима Талгатовнаның
6D040600 – Режиссура мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
«XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы Қазақстанның
хореографиялық өнеріндегі қазақ биінің режиссерлік интерпретациясы»
диссертациясының мәтініне

АҢДАТПА

Зерттеу жұмысының өзектілігі

Бүгінгі таңда отандық хореографиялық өнерде де көрініс тапқан хореография өнеріндегі жаңа беталыстар отандық хореография өнерінің заманауи тәжірибесінде ұлттық бидің дамуы мен жандануында хореография бағыттары мен ұлттық пластика арасында тұрақсыз шекара байқалатындығын көрсетеді. Хореографиялық форма қалыптастырудың әр түрлі режиссерлік тәсілдері арқылы жасалатын ұлттық бидің әр түрлі түсіндірмелерінің, режиссерлік интерпретацияларының көптігі көркем мәнерлілік құралдарының кеңейгендігін білдіреді. Бұл көбінесе шығармаларды шынайы ұлттық бейнелерден алшақтатады. Осыған орай, ұлттық мәдени ерекшелікті сақтауды қарастыруды талап ететін ұстаным туындап нығайтылады және ұлттық хореографиялық туындының мысалдарына талдау жүргізу әдісін ұлттық ойларды сатылас түсінікте білдіру аспектісінде дайындау қажеттілігі анықталады.

Сонымен қатар, режиссерлік интерпретация дегеніміз жеке тұлғаның ұстанымы, нақты пайымдаудың, жасампаздықтың көрінісі екенін ескеру қажет. Бұл тұрғыда ұлттық би өнерін дамытуда ғасырлар белесіндегі ғана емес, XX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ биін режиссерлік интерпретациялаудың ерекшеліктерін ашып көрсету, сондай-ақ қазіргі ұрпақтың бүгінгі күн көзқарасынан өткен тәжірибе құндылықтарын қайта пайымдауға ықпал ететін, өткеннің бұрын ашылмаған фактілерін ұсыну мүмкіндігі ашылады.

Осы зерттеуге Елбасы Н.А. Назарбаев ұсынған ұлттық мәдениетті сақтау туралы идеясы негіз болды. Осыған орай, ұлттық би өнерінің даму бағытын, оның әлемдік мәдени кеңістіктегі рөлі мен позициясын болжау үшін республиканың қазіргі заманғы хореографиялық өнерін дамытудың мәні арқылы хореографиялық режиссерлік ойдың дамуын терең түсіну қажеттігі туындады. Бұл біздің тарапымыздан жалпы мемлекеттік «Рухани жаңғыру» бағдарламасына қосқан үлесіміз болып табылады.

Осылайша, бұл жұмыстың өзектілігі оның балетмейстер әлемінің авторлық көрінісін зерттеуде теориялық талдау және оны ұлттық бидің режиссерлік интерпретациясында көрсету үшін қажет отандық хореографиялық өнерде ұлттық идеяның көрініс деңгейін анықтау құралы болып табылатындығында. Бұл өз кезегінде ұлттық би өнерінің тарихи тиістілігін сақтай отырып, оны байытуға мүмкіндік береді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі.

Осы зерттеу үшін Л.Сарынова, С.Күзембаева жұмыстары маңызды негіз болды. Бұл жұмыстар ұлттық хореографияның даму тарихы, сондай-ақ елдің 1980 жылға дейінгі кәсіби балет өнерінің қалыптасу тарихы мәселелерін қарастырады. Қазақ биінің сахналық интерпретациясының қалыптасу және даму үрдістері Д.Абиров, О.Всеволодская-Голушкевич, Т.Изим жұмыстарында қарастырылады. Қазақ биінің пайда болу кезеңінен ХХ ғасырдың соңына дейін оны интерпретациялауда формалар мен көркем құралдардың даму иерархиясы А.Шаңқыбаева еңбектерінде қарастырылады. Ұлттық балет спектакльдерінің режиссурасы зерттеуші Г.Жұмасеитова, А.Садықова, Л.Жуйкова, Д.Есентаева, Д.Уразымбетов жұмыстарында зерттелген.

«Хореографиялық өнер режиссурасының» ұғымдық құраушыларын ашып көрсету үшін автор Ж.Новерр, Р.Захаров, И.Смирнов, В.Ванслов, В.Сахновский, М.Ильичёв, Г.Туткибаева, Б.Захава жұмыстарын, Л.Вычужанова, Н.Атитанова диссертацияларын қарастырды. Сондай-ақ шетелдік ғалымдар Н.Еллис, J.Kealiinohomoku, Barnet S., Berman M., Burto еңбектері қарастырылды.

Жұмыс қазақ биінің режиссерлік интерпретациясы мәселелеріне арналғандықтан, ұлттық бидің жалпы даму саласы, оны балет өнерінде интерпретациялаудың режиссерлік тәсілдерін дамыту В.Уральская, Э.Шумилова, Э.Сытова, С.Устьяхин, О.Макарова, А.Васильева, Ю.Рязанова жұмыстарында қарастырылды. Бұл жұмыстардың құндылығы әр түрлі уақыт ұзақтығында балет спектакльдерінде ұлттық биді интерпретациялаудың режиссерлік тәсілдерін дамыту туралы ақпараттың ұсынылғандығында. «Ұлттық» критерийді хореографиялық туындыларда генетикалық кодтың көрінісі ретінде білдірудің үзінділік деректері А.Бурнаев, В.Никитин, Е.Петренко жұмыстарында қарастырылған. Хореографиялық шығармаларда контекстуалды көрініс зерттеуші А. Волинский, Ф.Лопухов, П.Карп, Г.Добровольская, А.Лукина, Н. Стручкова, О.Буксикова еңбектерінде қарастырылған.

Қазақ ұлттық хореографиясының дәстүрлі қабатын зерттеу ғалым А.Марғұлан, К.Байпаков, А.Марьяшев, З.Самашев, А.Рогожинский тапқан археологиялық деректерге, ежелгі адамның би пластикасын еске түсіретін көріністер бейнеленген жартастағы артефактілерге негізделді.

Хореография өнеріндегі «интерпретация» ұғымы Б.Сметанина, М.Костерина, Е.Озджевис, О.Грызунова, Ю. Васильков жұмыстарында қарастырылды. Бұл жұмыстар хореография өнеріндегі интерпретацияны бір ракурстан қарастырды. Бұл «интерпретация» терминін ұлттық хореографияны талдау әдісі ретінде түсінуде өз тәсілін құруға мүмкіндік берді.

Зерттеу нысаны – ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басындағы Қазақстанның хореографиялық өнері.

Зерттеу жұмысының пәні - ХХ ғасырдың соңғы ширегі - ХХІ ғасырдың басындағы балетмейстерлер, режиссер-хореографтар шығармашылығындағы қазақ биінің режиссерлік интерпретациясы.

Зерттеу мақсаты XX ғасырдың соңғы ширегі – XXI ғасырдың басындағы Қазақстанның хореографиялық өнеріндегі қазақ биінің режиссерлік интерпретациясын қазақ биінің ұлттық өзіндік ерекшелігін сақтауға ықпал ету мақсатында ұлттық хореографияны оның динамикалық дамуында қарастыру мүмкіндігіне ие болу үшін ашып көрсету болып табылады.

Зерттеу мақсатына сәйкес келесі **міндеттер** белгіленді:

- хореография режиссурасында ұлттық көрініс аспектілерін анықтау;
- ұлттық бидің режиссерлік интерпретациясын зерттеудің әдіснамалық шеңберін ашу;
- XX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ биінің режиссерлік интерпретациясының ерекшелігін ашу және оның ұлттық хореография тарихы үшін маңызын анықтау;
- XXI ғасырдың басындағы балетмейстерлер шығармашылығында ұлттық хореография түсіндірмесіндегі шығармашылық ізденістердің даму жолдарын анықтау;
- ұлттық хореографиялық шығармаларды одан әрі дамытуда құндылықты бағдарларды қалыптастыру.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері

Диссертациялық зерттеуде келесі әдістер қолданылды:

- құрылымдық талдау әдісінің көмегімен режиссерлік тәсілдердің өздері, сондай-ақ режиссерлік тәсілдерде ұлттық ой көрінісін құрайтын критерийлер құрылымданды;
- мәдениетті дамыту мәнмәтінінде қазақ биінің режиссерлік интерпретациясын түсіндірудегі герменевтикалық әдіс;
- өткен ғасырдың балетмейстерлері, режиссер-хореографтар шығармашылығында қазақ биінің режиссерлік интерпретациясының даму барысына шолу жүргізудегі тарихи-мәдени талдау әдісі;
- XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы балетмейстерлер, режиссер-хореографтар шығармашылығында ұлттық хореографияны режиссерлік интерпретациялаудың дамуына талдау жүргізудегі, ұлттық хореографияның бұдан әрі даму жолдарын қалыптастырудағы салыстырмалы-салғастырмалы талдау әдісі;
- ұлттық хореография шеберлерінің белгілі бір тарихи оқиғаларды алдын ала сезіп білудегі шығармашылық данышпандығын түсінуде, сонымен қатар хореографиялық шығармадағы ұлттық өзіндік ерекшелікті анықтау гипотезасын ұсынуда эвристикалық әдіс;

Хореографиялық өнердегі ұлттық идеяны білдіруді зерттеудің әдіснамалық негізінде отандық ғалымдар Ш. Уәлиханов, Б. Ыбыраев, М.Орынбеков, М.Қозыбаев, Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, Л.Зәурбекова, Ғ.Жұманова, Ш.Тоқтабаева, Ғ.Ибрагимова, Э.Шакенова, Е.Тұрсынов, А.Мұхамбетова, Б.Қаракұлов, К.Нұрланова, А.Әбдінұров еңбектері пайдаланылды.

Сонымен қатар, ізденуші хореографиялық өнердегі интерпретацияны зерттеуде «әлем картиналары» ретінде шетелдік ғалымдардың теориялық

көзқарастарын қолданды. Олардың ішінде Б. Кроче, Л. Витгенштейн, Э. Кассирер, М. Хайдеггер, Э. Бетти, А. Леонтьев, А.Ф. Лосев, Ю. Лотман, Г.Г. Майоров, О.Д. Агапов еңбектері бар.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы келесі нәтижелерді қамтиды:

- ұлттық би интерпретациясының режиссерлік тәсілдерінде ұлттық идеяның құрылатын критерийлерін анықтау және құрылымдау;

- ұлттық бейнені көрудің екі қырының көрінісі мен балетмейстер әлемі көрінісі мәнмәтінің арақатынасын ұйғаратын, сондай-ақ ұлттық хореографиялық өнердің даму векторының көлемді талдауын ұсынуға мүмкіндік беретін «ұлттық бидің режиссерлік интерпретациясы» терминін ғылыми айналымға енгізу;

- С. Эйзенштейннің кинодағы вертикаль теориясының негізінде әзірленген хореографияда ұлттық идеяны вертикалды жүзеге асыру аспектісін анықтау бойынша теориялық гипотезаны ұсыну;

- ХХ ғасыр соңындағы уақыт бөлігін «отандық балетмейстерлер, режиссер-хореографтар шығармашылығындағы этникалық ренессанс кезеңі» деп қарастыруға мүмкіндік беретін осы кезеңдегі қазақ биінің режиссерлік интерпретациясының ерекшелігін ашу. Осы кезеңдегі қазақ биінің режиссерлік интерпретациясының мысалдары ұлттық бірегейлікті білдірудің құндылық қасиеттерінің қайта жаңғыруымен, сондай-ақ бүгінгі күннің ұстанымынан ұлттық сана-сезімнің өсуі мен ел тарихын дамытудағы ағартушылық және саяси мәндегі бұрылыс құбылысы ретінде көрсетілген;

- дамуы қазақ хореографиясын интерпретациялаудың поэтикалық, репрезентативтік, абстрактілі шекарасын көрсетіп берген ХХІ ғасырдың балетмейстерлер, режиссер-хореографтар шығармашылығында қазақ биін интерпретациялаудың шығармашылық ізденістерінің құндылығын анықтау;

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Ұлттық көрініс пен балетмейстердің әлем картинасы сияқты екі қырдың ара қатынасын болжайтын және ұлттық хореографиялық өнердің даму векторын талдауға мүмкіндік беретін "ұлттық бидің режиссерлік интерпретациясы" атты жаңа ғылыми айналымның ұлттық, заманауи хореографиялық өнер құралдары мен әдістері арқылы сыналған шығармашылық көзқарас ретінде енуін шамалайды

2. С. Эйзенштейннің кинодағы вертикаль теориясының негізінде әзірленген хореографияда ұлттық идеяны вертикалды жүзеге асыру аспектісін анықтау бойынша теориялық гипотеза ұсынылды.

3. ХХ ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ биінің режиссерлік интерпретациясы режиссер-хореографтар әлемінің патриоттық суреті көрінісімен белгіленген. Біздің ойымызша, бұл кезең «отандық балетмейстерлер, режиссер-хореографтар шығармашылығындағы этникалық ренессанс кезеңі» деп белгіленген. Халық бірлігінің құндылық қасиеттерін ашатын және жаңғыртатын ұлттық хореографиялық мұра үлгілері ұлттық бірегейліктің байланыстырушы буыны, ел тарихындағы ағартушылық және

саяси маңызы бар және бұл маңыздылығы бүгінгі күн тұрғысынан білінетін бұрылыс мәніне ие құбылыстар болып табылады.

4. «Поэтикалық» «репрезентативті», «абстрактілі» көрініс шектерінің тұрғысында ұлттық хореографияның режиссерлік интерпретациясының келешектегі даму жолдарын анықтауға мүмкіндік берген, қазіргі заманғы хореограф-режиссерлердің ұлттық дәстүрлерді жалғастыруын білдіретін ХХІ ғасырдың басындағы қазақ биін режиссерлік интерпретациялауда шығармашылық ізденістер анықталды.

Зерттеудің тәжірбелік маңыздылығы:

- ұлттық биге қатысты мемлекетіміз үшін маңызды «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ұстану;

- оны сыншылар, балеттанушылар үшін құрал ретінде таныстыру, ұлттық хореографиялық шығармалардың мысалдарына ауқымды талдау жүргізу және ұлттық мәдениетті дамытудағы шығарманың құнды мәнін анықтау;

- белгілі режиссер-хореограф қызметінде ұлттық материалды жеке режиссерлік интерпретациялауды зерттеу және талдау нәтижелерін қолдану;

- алынған нәтижелер ұлттық өнерге арналған бірқатар мәдени бағдарламаларды жасауда пайдалы болу мүмкіндігі;

- жұмысты бейіндік салада студенттердің, магистранттардың, докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолдануға болады, сондай-ақ басқа өнер бағыттарында ұлттық туындыларды зерттеу саласында пайдалануға және бейімдеуге болады;

- зерттеу материалдары білім беру процесінде, атап айтқанда шығармашылық жоғары оқу орындарындағы балеттану, режиссура және хореография педагогикасы саласындағы, орта арнайы кәсіби хореографиялық оқу орындарындағы балет тарихы саласындағы бірқатар кәсіби пәндердің теориялық базасын байытуда құнды болады.

Зерттеу нәтижелерінің жарияланымы. Зерттеу нәтижелері 7 ғылыми басылымда, оның ішінде нөлдік емес импакт факторы бар Scopus компаниясының деректер базасына кіретін Халықаралық ғылыми басылымда, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда басылған үш мақалада, халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында жарияланған үш мақалада баяндалған.

1. «Қазақстанның материалдық және рухани мәдениетінің ескерткіштеріндегі көне пластика элементтері» // «Халық биі және хореографиялық өнер: дәстүрлер және қазіргі заман»: Г. Х. Тагировтың 110 жылдығына арналған Халықаралық Бүкіл ресейлік ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қазан: ТӘТИ, 2017. – 184б. (74-85 б.).

2. «Бақсы би пластикасы қазақтардың ерте фольклорлық мәдениетінің бір аспектісі ретінде» // «Наука и Жизнь Казахстана» халықаралық ғылыми-көпшілік журналы. № 3 (58) 2018. – 187 б. (69-73 б.).

3. «Бақсының би қозғалыстары қазақ би өнерінің дамуының парадигмасы ретінде» // Гуманитарлық ғылымдардағы пәнаралық зерттеулер туралы «Rupkatha» журналы (ISSN 0975-2935), 10 т., № 3, 2018 Scopus, 38-57б.

4. «З. М. Райбаевтың қойылымындағы қазақ биінің хореографиялық мұрасын талдау» // «Астана хореографиялық өнер саласындағы мәдениетаралық байланыс және халықаралық ынтымақтастық орталығы ретінде»: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана: «Қазақ ұлттық хореография академиясы» КЕАҚ, 2018. – 322б. (144-148б.).

5. «Морис Бежардың қойылымындағы спектакльдердің мәдени мәтіні» // «Наука и Жизнь Казахстана» халықаралық ғылыми-көпшілік журналы, Серия № 7 70 2018. – 202б. (198-201б.).

6. «Морис Бежардың спектакльдері мысалында ұлттық бидің интерпретациясын зерттеудің концептуалды аспектілері» // «Өмір сапасын арттыру және қоғамның тұрақты дамуы тұрғысынан алғандағы ғылыми жетістіктер»: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2019. – 480 б. (345-360б.).

7. «Ұлттық би стилизациясының әдістеріндегі хореографиялық тұтастық ұғымы» // ҚР ҰҒА «Известия» қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы № 1 (329) 2020 – Алматы, 2020 – 264 б. (128-135б.).

Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, 2 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, сондай-ақ қосымшадан тұрады.

«Ұлттық бидің режиссерлік интерпретациясын зерттеудің теориялық-әдіснамалық аспектілері» атты бірінші бөлімі үш бөлімшеден тұрады, онда ұлттық бидің режиссерлік интерпретациясын зерттеудің векторы болған негізгі теориялық-әдіснамалық аспектілер ашылады.

«Хореографиялық өнер режиссурасының ұғымдық құрамдас бөліктері» атты бірінші бөлімшеде «би», «хореография», «режиссура» түсініктерін бөлек талдау арқылы «хореографиялық өнер режиссурасы» ұғымына анықтама берілген. Ол суретшінің дүниетанымын бейнелеудің пәрменді мысалдары, сондай-ақ ұлттылықты білдірудің негізгі аспектілері болып табылатын адам денесінің бейнелеу және мәнерлі қозғалыстарының, музыканың құрамдас бөлігінің, композициялық құрылымның, жарықпен безендірудің, сахналық костюмнің және эмоциялық күйдің бірлігі мен тұтастығы деп анықталды.

«Ұлттық хореографияның режиссерлік көрінісінің әдіснамасы» атты екінші бөлімшеде ұлттық биді интерпретациялаудың режиссерлік тәсілдері құрылымдалды және шартты түрде төрт топқа бөлінді: хореографиялық мәтін спектрі, музыкалық құраушы спектрі, композициялық құрылым спектрі, сахналық бейненің спектрі. Теориялық еңбектердің бірқатарын зерттеу контекстуалды (мағыналық) және интонациялық (пластикалық) көрініс аспектілерінен, эстетикалық және этикалық ұстанымдардың аспектілерінен, сондай-ақ дәстүрлі мәдениет картиналарының аспектілерінен тұратын ұлттық идеяның құрылатын критерийлерін анықтауға мүмкіндік берді.

«Режиссер-хореографтың жұмысындағы интерпретация квинтэссенциясын анықтау» атты үшінші бөлімде ғылыми-зерттеу әдебиетіне, «интерпретациялық би», «мәнерлі би», терминдеріне шолу жасау арқылы балетмейстердің өзіндік әлемдік картинасын көрсететін және соның аясында қоғамдағы заманауи хореографқа мәдениет мәтінін ұсынуға мүмкіндік беретін, сонымен қатар дәстүрлер сабақтастығы мен жаңашыл тәсілдің деңгейін анықтайтын автордың көркемдік көзқарасы ретінде анықталатын хореография өнеріндегі «интерпретация» ұғымының квинтэссенция ашылады.

Жиынтығы хореографиялық өнер тәсілдері және құралдары арқылы өтетін ұлттықтың шығармашылық көрінісі ретінде анықталатын ұлттықты режиссердің көруі және режиссёр-хореограф жұмысында «интерпретация» мәнін анықтауды құрайтын екі құраушы қырдың арақатынасы мен өзара әрекеттесуін білдіретін «ұлттық бидің режиссерлік интерпретациясы» ғылыми айналымы ұсынылды. Кино өнері үшін әзірленген С. Эйзенштейннің вертикаль теориясының негізінде хореографиялық туындыда вертикалды түсінікте ұлттық идеяны білдіру деңгейін анықтау бойынша гипотеза ұсынылды.

«1980-2017 жылдары Қазақстанның хореографиялық өнеріндегі қазақ биінің режиссерлік интерпретациясы» атты екінші бөлімі үш бөлімшеден тұрады. Бұл бөлімде ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басындағы балетмейстерлер, режиссер-хореографтар шығармашылығындағы қазақ биінің режиссерлік интерпретациясының даму динамикасының салыстырмалы талдауы ұсынылған, әр түрлі кезең қойылымдарында балетмейстерлер көздеген аксиологиялық бағдарлар белгіленген, ұлттық хореографияның перспективалық даму жолдары тұжырымдалған.

«ХХ ғасырдың режиссер-хореографтарының шығармашылығындағы қазақ биінің интерпретациясы» атты бірінші бөлімшеде «Қайта Құру және жариялылық» және ХХ ғасырдың соңғы ширегіндегі «Ұлттық құрылыс» процесі жағдайында балетмейстерлер, режиссер-хореографтар шығармашылығындағы қазақ биін режиссерлік интерпретациялау мысалдары талданады. Осы кезеңдегі қазақ биінің режиссерлік интерпретациясының ерекшелігі белгіленіп, белгілі бір тарихи оқиғаларды алдын-ала зерделеуде ұлттық хореография мэтрлерінің шығармашылық данышпандығын ашып көрсететін фактілер көрсетілген. Бұлар осы кезеңдегі ұлттық хореографиялық шығармалардың мысалдарын ел тарихындағы ағартушылық және саяси мәндегі бұрылыс құбылысы ретінде анықтауға мүмкіндік берді.

«ХХІ ғасырдың басындағы ұлттық хореографияның түсіндірмесіндегі шығармашылық ізденістер» атты екінші бөлімшеде қазіргі балетмейстерлер шығармашылығында ұлттық хореографияны интерпретациялауда шығармашылық ізденістердің бағыты мен даму шекарасы көрсетілген.

«Ғасырлар тоғысындағы қазақ биінің режиссерлік интерпретациясының ортақ белгілері және айырмашылықтары» атты үшінші бөлімшеде ғасырлар аралығындағы қазақ биінің режиссерлік интерпретациясының ортақ белгілері мен айырмашылықтарын талдау және белгілеу арқылы бұрынғы және қазіргі

балетмейстерлердің тәжірибесі жинақталып, ұлттық хореографиялық туындыны дамытудағы құндылық бағдарлары тұжырымдалған.

Қорытынды бөлімде келесі тұжырымдар келтірілген:

- бірінші қойылған міндет бойынша өз бірлігі мен тұтастығында «хореографиялық өнер режиссурасы» ұғымын құрайтын адам денесінің бейнелеу және мәнерлі қозғалыстары, музыкалық мазмұн, композициялық құрылым, жарықпен безендіру, сахналық костюм және эмоциялық күйден тұратын хореография режиссурасында ұлттық бейнені көрсету аспектілері анықталды.

- екінші міндет бойынша жиынтығы «ұлттық бидің режиссерлік интерпретациясы» терминін ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік берген, екі құраушы қырдың - ұлттық бейнені режиссердің көруі және балетмейстердің әлем картинасының - арақатынасы мен өзара әрекеттесуінен тұратын ұлттық бидің режиссерлік интерпретациясын зерттеудің әдіснамалық шеңбері ашылып көрсетілді. Оны бұдан әрі зерттеуде кино өнері үшін С. Эйзенштейннің вертикаль теориясының негізінде әзірленген хореографиялық туындыда вертикалды түсінікте ұлттық идеяны білдіру деңгейін анықтау бойынша теориялық гипотеза ұсынылды.

- үшінші міндет бойынша қазақ биінің интерпретациясының мысалдарына ауқымды талдау жүргізілді, оның барысында ХХ ғасырдың соңғы ширегіндегі балетмейстерлер шығармашылығында ұлттық хореографияның режиссерлік интерпретациясының ерекшелігі ашылып көрсетілді.

- төртінші міндет бойынша «поэтикалық», «репрезентативті», «абстрактілі» көрініс шекараларын ұсынған ХХІ ғасырдың басындағы балетмейстерлер шығармашылығында ұлттық хореография түсіндірмесінде шығармашылық ізденістерді дамыту жолдары анықталды.

- бесінші міндет бойынша ұлттық хореографиялық туындыны жасауда құндылық бағдарлар анықталды.

Қазақ биінің режиссерлік интерпретациясының қазіргі жағдайына талдау жасау би мұрасының заманауи хореографиялық бағыттармен қарқынды түрде байып жатқаны туралы айтуға мүмкіндік береді және ол мазмұны және көлемі жағынан ерекше шығармалардың тууына себепші болып, ұлттық хореографиялық өнердің өзіндік ұлттық бірегейлігін сақтай отырып әлемдік мәдени кеңістікте интеграциялануына септігін тигізеді.